

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі "Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" N 110/3 қаулысына толықтыру енгізу туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 29 маусымдағы N 237/6 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 14 шілдеде N 3040 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі N 245/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 17.07.2014 N 245/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 17-тармақшасына сәйкес, мүгедектерді әлеуметтік қорғау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі "Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" (облыс әділет департаментінде 2005 жылғы 8 сәуірде N 2985 болып тіркелген, "Сарыарқа самалы" газетінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 57 санында жарияланған) N 110/3 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулы мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Осы қаулының 1, 2, 3-тармақтары 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшінен енеді".

Көрсетілген қаулымен бекітілген мүгедектерге санаторлық-курорттық емделу жөніндегі жеңілдіктер, әлеуметтік төлемдер беру тәртібі туралы нұсқаулығы 4-тармағының 1-тармақшасы "ағымдағы ай үшін, алғашқы рет өтініш бергендерге - өтініш берген күннен" деген сөздермен толықтырылсын.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов